



17-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Меншікті бөлу: жылжымайтын мүлік
және нарықтар





Кітап: Саяси философияға кіріспе
Дәріс: Меншікті бөлу: жылжымайтын мүлік және нарықтар
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Жер учаскесін қоршап алған ең бірінші адам және оны өзінің жері екенін айта білген және осы мәселелерге қатысты қарапайым адамдарды сендіре білген, азаматтық қоғамның шынайы негізін қалаушы болды. Адам егер қазығын жоғары көтеріп немесе орды (шұңқырды) топырақпен толтырып, өз руына: «Мына жалған айтушының сөздеріне абай болыңыздар; Егер жемістің барлығына, ал жер-ешкімге тиесілі екенін ұмытсаңыз, ондай сіз құрып кетесіз», деп айтатын болса, онда ол қаншама қылмыстардың, соғыстардың және өлімдердің алдын алар еді.

(Руссо, «Теңсіздіктің шығуы туралы пікір», «Пікір» және басқа алғашқы саяси Шығармалары, басылым. С. Гуревич ([1755], Кембридж: Кембридж Университетінің Баспасы, 1997), 161

Локктың жеке меншік туралы көзқарасы

Меншік құқығы қалай қалыптасты?

Қоғамның теңсіздігіне қарамастан, оның әділ екенін дәлелдеу тәсілдерінің бірі - бұл қоғамда меншікті иеленетін адамдардың осы меншікке моральдық құқығының бар екенін көрсету. Меншік құқығының осындай теориясын құруға бола ма?

Нозик пікіріне сәйкес, меншік құқықтары жөніндегі теория үш түрлі қағидатты қажет етеді: «бастапқы сатып алудағы әділдік», «біреуге берілудегі әділдік» және «өзгеріс еңгізудегі әділдік». 1 және 2 тарауларда біз қарастырған Джон Локк меншік туралы өз жұмыстарындағы ең алдымен мынадай сұрақ қояды: Жеке тұлға өзінің табиғи күйінен берілген меншік құқығын қалай қалыптастыра алады?

Бұл өте (күрделі) жұмбақ мәселе. Қазір біреуге тиесілі болған бір объект кезінде не ешкімге тиесілі болмаған, не сайып келгенде ешкімге тиесілі емес нәрседен жасалған.

Мысалы: Мына кітап қағаздан жасалған. Көптеген қағаздар ағаштан жасалған. Бұл тірі ағаштардан шыққан ағаштар әдейі егін ретінде отырғызылуы мүмкін, алайда ол көшеттер тұқымнан шыққан және бұл тұқымдар кезінде ешкімге тиесілі емес ағаштардан шыққан. Белгілі бір кезеңде бұл объект, кезінде ешкімге тиесілі болмаған мейлі ол ағаш, не тұқым болсын, енді біреудің жеке меншігіне айналады. Бұл қалай болғаны? Қалайша біреу басқаларды осы объектіні пайдалану құқығынан айыра алады? Бұл мәселе, жер жағдайында келгенде одан да өзекті. Кез келген адам иесіз жерді қолдана алады. Ол жеке меншікке айналғаннан кейін ешкім оның иесінің рұқсатынсыз пайдалана алмайды. Біреу басқаларды осылайша қолдану құқығынан айыру жағдайына қалай келеді? (не қол жеткізді?) Бұл сұрақтарға жауап бастапқы кездегі иеленудегі әділдікті талап етеді.

Меншікті бастапқы иелену

Локктың ДЖОН ЛОКК (1632–1704)

Екінші Трактатында меншікке қатысты тарау бар және сол жерде бастапқы иеленудің (уәжін) мүмкін екенін көрсетуге арналған бірқатар аргументтер бар. Локк егер сіз мүліктің заңды иесі болсаңыз, сіздің бұл мүлікке әртүрлі құқықтарыңыз бар деп есептейді. Сіз оны тек пайдаланып қана қоймай, сондай-ақ басқаға сатып жібере аласыз немесе сыйға бере аласыз. Және бұл сіздің мұрагерлеріңізге қалдыратын мүлікті өсиетіне де қатысты. Локктің Мақсаты – меншік құқығын оның өз уақытындағы (XVII ғасыр) түсініктерге сай кеңінен негіздеу болды, ол шын мәнінде қазіргі қоғамда меншік құқығының түсініктерінен де алыс емес.

Локк аргументтерін қалай оқуға қатысты әлі күнге дейін үлкен ғылыми келіспеушіліктер бар. Тіпті Локктың өзі олар анық деп ойламаған болар. Алайда, Локк үшін мүлікті иеленудегі еңбектің маңызды екеніне күмән жоқ. Мәтінді бір оқып шыққан кезде біз, кем дегенде, Локктың меншікті бастапқы иеленуге қатысты көзқарасын қорғауына төрт дәлелді ажырата аламыз. Локктың осыған қатысты қаншама аргумент ойлағаны ол басқа мәселе.

Бірінші идея - ол аман қалу аргументі. Локк бастапқыда әлем барлық адамдарға тиесілі деп болжайды. Олай болса, бұл жағдайда біреу қалайша жеке меншікке ие бола алады? Біріншіден, Локк осы кітаптың 1-тарауында талқыланатын «табиғаттың негізгі заңына» сүйенеді: адамзат мүмкіндігінше көбірек сақталуы, аман болуы, қорғалуы тиіс. Егер ешкім ештеңе ала алмаса, біз бәріміз өлеміз. Сондықтан біз аман қалуымыз үшін өзімізге керек нәрсені алуымыз қажет.

Локк бұған тағы бір теологиялық негіздеме қосады. Құдайдың өзі жерге жіберген адамдарға аман қалуына мүмкіндік бермей бұл Құдайдың рационалдылығына қарсы шығу болады.

Дегенмен, біздің табиғатты иеленуіміз екі шартпен шектелуі тиіс — «Локк ескертпелері»,— егер біз



оның ақталғанын қаласақ: біз өзімізге қажетті нәрседен артық алмауымыз керек, ұсыраптылық туралы ескертпе; және Біз өзгелер үшін игелікті «жеткілікті және жақсы күйде» қалдыруымыз керек. Бұл екі ескертпе тек қана меншік жөніндегі өмір сүру аргументіне ғана емес, Локктің барлық аргументтеріне қатысты қолданылады.

Бұл мәселе оңай ақылға қонымды болса да, аман қалу аргументінің бірқатар айқын шектеулері бар. Біріншіден, ол жерді иеленуге қарағанда тірі қалу үшін ғана қажетті заттарды, мысалы, жеміс пен жаңғақ сияқты заттарға қатысты айтылады. Екіншіден, объектілердің жеке меншікке қалай берілуі керектігі нақты айтылмайды. Бұл екі кемшілік Екінші Трактаттағы меншік туралы атақты тараудағы Локктің келесі аргументімен жойылады:

«Жер және барлық төменгі тіршілік иелері барлық адамдар үшін ортақ болса да, әрбір адамның өз жеке тұлғасына қатысты меншігі бар. Одан басқа ешкімнің оған құқығы жоқ. Оның денесінің еңбегі мен оның қолының жұмысы сол адамға тиесілі деп айту дұрыс болады. Содан кейін ол бізге табиғат жаратып және қалдырған күйден өзінің еңбегі арқылы бір нәрсе алса және оны өзіне тиеселі затқа қосса, ол оны өзінің меншігі етеді. Ол зат, табиғаттың бастапқы күйінен алыстатылғандықтан, ол еңбек арқылы басқа адамдардың жалпы құқығынан (алынып) шеттеліп, өзіне қосылады. Бұл Еңбек Жұмысшының Меншігі екендігі даусыз, сондықтан ол оған тиеселі, және затқа қосылғандығынан болғандықтан одан басқа оған қол сұғуға ешкімнің де құқығы жоқ, бұл кем дегенде, баршаға ортақ қалған игілік жақсы күйде және жеткілікті түрде сақталған жағдайға қатысты». («Екінші Трактат», Джон Локк, Басқару туралы Екінші Трактат, басылым) Питер Ласлетт ([1689], студент, Кембридж: Cambridge University Press, 1988] s. 27, 287-8)

Локк бұл жерде екі алғышарттан бастайды: сіз өз еңбегіңізге өзіңіз иесіз, және сіз белгілі бір объектіге қатысты еңбек еткеніңізде, сіз «өз еңбегіңізді объектіге қосасыз. Осылайша, басқалар бұл объектіні иеленуге қатысты әділ талап қойғанға дейін, сіз өзіңіз еңбектеніп тапқан объектіні иеленесіз.

«Еңбекпен араластыру» аргументі

Бұл Локктің «еңбекті араластыру» немесе «еңбекпен араласқан» деп кеңінен белгілі болған аргументі. Бұл аргументтің алдыңғысынан үлкен бір артықшылығы ол жерді иеленуімен қатар, жаңғақтар мен жидектерді иеленуді ақтай алады.

Бұл аргументтің негізгі идеясы өте тартымды. Жер учаскесінде бірінші болып қызмет еткендер оны сақтауға құқылы болуы тиіс. Біздің есімізге, өздерінің мәртебелерін дәлелдеу үшін жерді өндеп және шекарада өз құқықтарын қорғаған Жабайы Батысқа алғашқы жол салушыларды түсіреді. Бұған бір жалпы жағымсыз реакция ол жұмыс істеуге қабілетсіз адамдар үшін өте қиын болып көрінеді. Бірақ Роберт Нозик одан да терең (үлкен қателікті) кемшілікті көрсетті. Сіздің еңбегіңіздің жермен араласуы сізге жерді иеленуге құқық беретіні туралы аргумент, шамасы, жеткіліксіз негізге сүйенеді: егер сіз бір нәрсеге ие болсаңыз және оны қазіргі уақытта өзіңізге тиесілі емес (немесе барлығына тиесілі) басқа бір нәрсемен араластырсаңыз (қоссаңыз), онда сіз сол басқа нәрсеге ие боласыз. Алайда, бұл алғышарт, әрине, жалған және Нозик қарсы мысал келтіреді: «Егер менде томат шырынының банкісі бар болса және мен теңізге оның молекулалары (оны тексеру үшін радиоактив болған) теңізге біркелкі араласатындай етіп құятын болсам, мен осылайша теңіз иесі боламын ба, әлде мен қызанақ шырынын ақымақтықпен жұмсаған болып шығамын ба?» (Анархия, мемлекет және утопия, 175).

Еңбекпен араластыру жөніндегі аргументті қалай сақтай (қорғай) аламыз? Бәлкім біз Локктің басты идеясы - араластыруды емес, еңбекті қарастыруымыз керек шығар? Басқаша айтқанда, еңбекті араластыруды қызанақ шырынымен араластырумен теңестіруге (ұқсатуға) болмайды, өйткені еңбектің өзінде ерекше нәрсе бар. Бірақ ол не? Мұнда біз Локктің үшінші: «қосылған құн» аргументін кезіктіреміз. Өңделмеген жер учаскесінен жинауға болатын өсімнің көлемін қарастырыңыз. Ал енді дәл сол көлемдегі өңделген жерден шығатын өнімнің көлемін қарастырыңыз. Локктің пайымдауынша, өңделген жердің өнімі жүз есе өнімдірек болады. Осылайша, Локк «еңбек ... әр нәрсеге өзінің құнын қосады» деп қорытынды шығарады (Екінші Трактат 40, 296 б). Басқаша сөзбен айтқанда, жерде еңбек еткен адам оның құндылығын едәуір арттырады. Сондықтан, еңбек жұмысшыға өңделген жерді иеленуге құқық береді.

Алайда, бұл аргументтің де айқын қиындықтары бар. Біз еңбек сізге қосымша құнды сақтауға құқық береді деп сендіруімізге болады. Алайда, жер қосылған құнның бір бөлігі емес, ол бастапқы жерінде сен келгенге дейін де болған және қалыпты жағдайда егер сіз сол жерде ешқашан жұмыс істемесеңіз әлі де сонда болар еді. Сондықтан, бұл жақсы жағдайда, өндіріс жемісін сақтау аргументі. Бұл жерді өңдеуді



жалғастыруға құқық бермейді. Мұндай салдарға әкелуі мүмкін нәрсе бар ма?

Теологиялық аргумент

Бұл жерде төртінші аргумент көмектесе алады. Локк Құдай жерді пайдалануға берді дейді:

Жанжалдасып жатқандардың орынсыз тілектері мен ашкөздігі үшін емес, еңбекқор және ұтымды адамдарға... пайдалануға берді дейді. Біреулер иеленіп болған соң даму үшін қалған нәрсеге басқа адамдар шағымданбауы тиіс, басқалардың еңбегімен дамытылған нәрсеге араласпауы тиіс: Ал егер, ол солай істейтін болса, онда ол Құдайдың оған басқалармен қатар еңбек етуге берген жерге деген құқығын емес, басқалардың азабынан пайда көруді қалаған болып шығады. (Екінші трактат, с. 34, 291)

Бұл жерде, Локк бізден «жерді иеленіп, оны өндеген бір еңбекқор адам мен бәлеқор басқа адам еңбек еткен жерге «қойып отырған талабын» қарастыруды сұрайды. Жеткілікті жер болып тұрса да, бәлеқордың еңбекқордың жерін қалауының бірден бір себебі ол жалқаулық. Ол еңбекқор секілді жұмыс істеуге дайын емес. Алайда, бұл себеп емес, демек, еңбекқордың иеленуіне шағымдануға негіз емес. Оның артында шөл ұғымына жасырын түрде жүгіну тұр деп ойлаймын. Егер еңбекқор көп жұмыс істесе, ол өз еңбегінің жемістерін иеленуге лайық, кем дегенде, басқа ешкімнің де негізделген оған талаптары жоқ.

Өкінішке орай, бұл аргумент те алдыңғы кемшіліктерді бөліседі. Еңбек жемісін алуға орынды болар еді, алайда, жер әлі де сонда қалар еді. Мүмкін бұл аргумент жерге қатысты уақытша жер иелену мәртебесін негіздейді: Жер сізге тек пайдалану үшін ғана берілген, одан артық емес. Дегенмен, меншік құқығы дәл осылай шартты болып келуі сирек: әрине, Локк олай ойлаған жоқ.

Бұл аргумент сізге өз жеріңізді сатуға, немесе оны өз балаларына қалдыруға құқық бермейді. Бұдан басқа, өзіне қамқорлық жасай алмайтын адамдар, егер еңбек меншікті иеленудің қажетті шарты болса, өздерін кемсітушілік сезімде болады. Жерде жұмыс оны иеленуге құқық беруі тиіс деген көзқарас қаншалықты тартымды болғанымен, оның, кем дегенде, Локктың көзқарасының аясында, неге осылай болуы керек екенін түсіндіру өте қиын.

Неге сізде жер болуы керек, ал менде жоқ?

Осыған байланысты тағы бір мәселе «жеткілікті және сондай жақсы» деген ескертпеге қатысты.

Мүмкін, Локктікі дұрыс шығар, егер жақсы жер аз қалып жатса жерді басқа біреудің иемденуіне қарсы тұрудың ешқандай негізі жоқ деп айтуға болады. Локктың ұстанымының логикасы осы кезде мүліктік құқықтардың бұзылуын болжайтын сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ ол әрине олай емес.

Оның пікірінше, адамдар табиғи жағдайындағы дағдыларға қарағанда басқа адамдарға жақсы жұмыс істейтін болса, және мүліктік пайдасы мен еңбек тиімділігіне қол жеткізіп жатса басқа біреудің мүліктік құқықтарына негізделген шағым болмауы керек.

Еңбек және мүліктік құқықтармен қамтамасыз етілген қоғам пайдасы мен артықшылықты «дәлелдеу» кезінде, Локк өндірісі дамыған Англияның еңбекшісінің тамақтану мен өмір сүру жағдайы Америка патшасының жаңдайынан жақсы екенін келтіреді.

Алайда, егер біз «жеткілікті және сондай жақсы» ескертпені қабылдамайтын болсақ, онда Локктың мүліктік құқықтарын қорғауы әлдеқайда сенімді емес

Алғашқыда жеке меншікке немесе топқа тағайындалмаса, әрбір адам кез келген нысанды пайдалана алады. Адамның меншігіне айналғаннан кейін, пайданушылардың еркіндігі жойылады. Басқалары оны иесінің рұқсатымен ғана пайдалу құқығы орын алады.

Жермен немесе басқа заттармен нені дұрыс істемеуім осындай нәтижеге әкелуіне себеп болды? Қандай менің теріс ірекетім нысанды пайдалану еркіндігімді жоюға әкелді?

Жауапты табу өте қиын, сондықтан меншікті сатып алуда қанағаттанарлық әділдік принципті табу өте қиын. Бұл белгілі Прудонның тұжырымдамасына сай, меншік ұрлық болып табылады дегеніміз ба?

Әрине, бұл өте жеңіл-желпі, үстүртін тұжырым болмақ. Ең қарапайым жауап – бір оғаштық нәрсе бар деген болжам жасау.

Жеке меншікке иелік етуді қамтитын әділетті бөлу жүйсін қорғау дұрыс болар.

Осылайша, біз меншікті әділеттілік теориясының ажырамас бөлігі деп қарастыра отырып, меншік қалай пайда болды деп қазбайламаймыз. Еркін нарықты жақтаушыларды осындай пікірді ұстануда